



БҰЙРЫҚ

13 шілде 2021 жыл

Өскемен қ.

ПРИКАЗ

№ 284

г. Усть-Каменогорск

Техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдары қызметкерлеріне
«педагог-шебер», «педагог-зерттеуші»,
«педагог-сарапшы» біліктілік
санаттарын беру (растау) туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығы, «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттары берілсін (расталсын).
2. Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы (Г. Искакова)
 - 1) осы бұйрықты облыстың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындарының басшыларының назарына жеткізсін;
 - 2) ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының білім беру қызметкерлеріне тиісті біліктілік санатын беру (растау) туралы белгіленген үлгідегі бұйрық шығару, куәліктер беру және еңбек кітапшаларына тиісті жазбалардың енгізілуіне бақылау жасасын;
 - 3) ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының білім беру қызметкерлеріне тиісті қосымша ақы төленуіне бақылау жасасын.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының басшылары:
1) педагог қызметкерлерге тиісті біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығаруды қамтамасыз етсін және белгіленген үлгідегі куәлік берсін;

2) педагог қызметкерлердің еңбек кітапшаларына тиісті санат беру (растау) туралы жазбаның енгізілуін қамтамасыз етсін;

3) педагог қызметкерлерге тиісті қосымша ақы төленуін қамтамасыз етсін;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары Д. Шаухинаға жүктелсін.

Басшының м.а.



А.Каербекова